

2

Қоғам жаңғыруының
құқықтық негізі2026
КОНСТИТУЦИОНАЛЫҚ
РЕФОРМА

4

Лияс Жансүгіров
өміріндегі Қызылорда
кезеңіӘрқайсымыздың
дауысымыз маңызды!15 НАУРЫЗ
МАРТА
РЕФЕРЕНДУМВажен голос
каждого из нас!

www.election.gov.kz



Сыр бойы

№29 (21104) 24 ақпан, сейсенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

/// ПРЕЗИДЕНТ



ЕКІЖАҚТЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ НЫҒАЯ БЕРЕДІ

Мемлекет басшысы Грузияның Ішкі істер министрі Гела Геладзени қабылдады. Өңгімелесу барысында құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету және қылмысқа қарсы күрес бағыттарындағы екіжақты ынтымақтастықтың өзекті мәселелері талқыланды.

Президент Грузия еліміздің Оңтүстік Кавказдағы маңызды әрі сенімді серіктесі саналатынын атап өтті. Сондай-ақ екі мемлекет арасындағы қарым-қатынастың уақыт тезінен өткен тарихи тамырластыққа құрылғанына тоқталды.

Гела Геладзе Қасым-Жомарт Тоқаевқа шетелдік туристердің, соның ішінде Қазақстан азаматтарының қауіпсіздігін сақтау бойынша грузиялық құқық қорғау органдарының атқарып жатқан жұмысы жөнінде мәлімет берді.

Қазақстан мен Грузия ішкі істер министрліктері ұйымдасқан қылмысқа, есірткі тасымалдауға, киберқылмысқа және экстремизмге қарсы күрес, сондай-ақ озық тәжірибелер алмасу, маман даярлау бағыттарында өзара ықпалдастықты нығайтуға ниетті.

Кездесуде Мемлекет басшысы Грузия Президенті Михаил Кавелашвили мен Премьер-министрі Ираклий Кобахидзеге сәлемін жолдады.

ОТАНДЫҚ АВИАЦИЯНЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІ АРТА ТҮСУІ ТИІС

Мемлекет басшысы сондай-ақ Air Astana компаниясының бас атқарушы директоры Питер Фостерді қабылдады.

Кездесуде авиация саласын дамыту мәселелері талқыланды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Air Astana компаниясының Еуразиядағы жетекші авиатасымалдаушылардың біріне айналуда Питер Фостердің елеулі үлес қосқанын атап өтті. Өңгімелесу барысында Қазақстан мен АҚШ

арасында тікелей әуе қатынасын ашу, сондай-ақ аталған рейстерді орындау үшін алыс қашықтыққа ұшатын әуе кемелерін сатып алу мәселелеріне ден қойылды.

Президент отандық авиацияның бәсекеге қабілеттілігін одан әрі арттыру қажет екенін айтты.

/// ӨРКЕН

САЛТАНАТЫ КЕЛІСКЕН САЯБАҚ

200 жылдан астам тарихы бар Сырдың бас шаһары – Қызылорданың дамуы қазір бұрынғыдан өзгереді. Бір ғасыр бұрын республикаға астана атанған қаланың келбеті жаңарған. Әсіресе, кейінгі үш-төрт жылда облыс орталығындағы жаңашылдық халыққа қажетті әлеуметтік ғимараттардың бой көтеруімен ерекшеленіп отыр. Білім ордалары, емхана мен медициналық орталықтар, мәдени ошақтар, алып стадион мен демалыс орындары, қысқасы, сан түрлі нысандар көзге бірден көрінер. Ал осының ішінде өзен іргесін өзектеп бой көтеріп келетін жаңа тұрпатты құрылыс айрықша сәулеттенбек.

БІР НЫСАНДА ҮШ ЖОБА

Президент саябағы рәсіммен басқа кейіпке ене бастады. Бір жыл көлемінде қайта жаңғырту жүріп жатқан осы аумақ несімен ерекшеленбек? Мұндай сұрақ барлық тұрғынның ойында тұрған болар. Журналистік мақсатпен шолу жүргіздік. Бірнеше гектар жерді әп-сәтте құрылыс алаңына айналдырған жергілікті билік өкілдері саябақ пен оның манайы адам танымастай өзгеретінін айтады.

Алдымен саябақтың өзін аралағанбыз. Көргеніміздей, құрылыс қазір тым қарқынды. Жоба үш бөліктен тұрады. Саябақты қайта жаңғыртудан бөлек, оранжерия, яғни ботаникалық бақ пен балаларға арналған лагерь салынуа.

– Саябаққа тиесілі құрылыс жұмыстарының 95%-ы бітіп тұр. Мұнда кафе, фудкорт, санитарлық тораптар мен бақылау пункттерін орнату жұмыстары толықтай аяқталды. Биіктігі 50 метрлік шолу дөңгелегі іске қосылды. Оның бір айналым уақыты 7 минутты құрайды.

2-бет



Фото ашық дереккөзден


ТІРШІЛІКТІҢ КҮРЕТАМЫРЫ

Тіршілік көзі туралы айтқанда, ойымызға бірінші кезекте су келеді. Өрине, сусыз тіршілік кешу мүмкін емес. Ал, бүгінгідей өркениетті заманда судан кем түспейтін қажетті құндылықтар қатары артты. Бұлардың ішінде, әсіресе, электр энергиясының орны бөлек. Біздің бүгінгі тыныс-тіршілігімізді электр энергиясымен елестету мүмкін емес. Сенімді және үздіксіз энергиямен қамтамасыз ету арқылы ғана экономиканың жаңа салаларын дамытуға, ғылыми-техникалық прогресті қамтамасыз етуге және халықтың өмір сүру сапасы мен жағдайын жақсартуға мүмкіндік туады.

Энергетикалық кәсіпорындарға электр стансалары, қазандықтар, жылу және электр желілері жатады. Энергетикалық кәсіпорынның өнімі – электр және жылу энергиясы. Тұтынушыларды қажетті мөлшерде электр және жылу энергиясымен үздіксіз қамтамасыз ету – басты міндет. Мұны қарапайым ой елегінен өткізсеңіз, энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласының жүгі ауыр екенін сезіне аласыз. Ал осы салада өңірімізде атқарылып жатқан жұмыс ауқымды. Мәселен, өткен жыл аймақтың инфрақұрылымдық дамуы тұрғысыннан табысты кезең ретінде тарихқа енді.

Жалпы, былтыр энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасына 102,8 млрд теңге қаржы бөлінді. Оның ішінде бюджеттен 71,1 млрд теңге (РБ – 25,8 млрд теңге, ОБ – 45,3 млрд теңге), «Самұрық Қазына» АҚ-нан 8,5 млрд теңге, арнайы мемлекеттік қордан 23,2 млрд теңге. Бюджеттен бөлінген 79,6 млрд теңге 100% игерілген.

4-бет



Дайындаған Қуаныш Орабаев

БІР АЛТЫННЫҢ БӘСІ

2026 жылғы 6-22 ақпан аралығында Италияның Милане-Кортина д'Ампеццо өңірінде өткен қысқы Олимпиада тарих қойнауына енді. Дүбірлі додада бақ сынауға әлемнің 90-нан астам елінен шамамен 3 мыңнан астам спортшы келді. Байрақты бәсекеде 16 спорт түрі бойынша 116 медаль жиынтығы сарапқа салынды. Еліміздің спортшылары 10 спорт түрінен бақ сынады. Олардың қатарында биатлон, конькимен жүгіру, мәнерлеп сырғанау, шорт-трек, тау шаңғы спорты, шаңғы қоссайысы, шаңғы жарыстары, шаңғымен трамплиннен секіру, фристайл-могул және фристайл-акробатика бар.

Отандық спорт үшін биылғы Олимпиаданың ең ірі жетістігі 13 ақпанда тіркелді. Сол күні отандасымыз Михаил Шайдаров мәнерлеп сырғанаудан Олимпиада чемпионы атанды. Нәтижесінде еліміз жалпы командалық есепте 1 алтын медальмен 19-орынға тұрақтады.

4-бет



Фото ашық дереккөзден

Валюта бағамы:

\$ 494,66 kzt

€ 581,87 kzt

₸ 6,43 kzt

Ауа райы:

Сейсенбі ☀️ +2°

☾ -6°

Сәрсенбі ☀️ 11°

☾ -3°

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

15 НАУРЫЗ МАРТА РЕФЕРЕНДУМ

«Жобасы бұқаралық ақпарат құралдарында 2026 жылғы 12 ақпанда жарияланған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдайсыз ба?» мәселесі бойынша

Референдум азаматтардың ерікті қатысуы, ойын ашық білдіруі, сондай-ақ жалпыға бірдей, тең, төте және жасырын дауыс беру қағидаттары бойынша өткізіледі

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы
www.election.gov.kz

АУҚЫМДЫ ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ НЕГІЗГІ АРҚАУЫ

Әлемнің қай мемлекетінде де Конституция саяси мәні зор тарихи құжат ретінде бағаланады. Сондықтан қазір елдің талқылауына ұсынылған Конституция жобасын қоғамның сұранысына сай түбегейлі қайта жаңғыртуға бағытталған нақты іс деп айта аламыз.

Еліміздің өркендеуіне жол ашатын маңызды құжатта алдымен адамға басымдық беріледі. Сондай-ақ онда мемлекеттің басты байлығы – білімді жастар екені айқын көрсетілген. Ол – Президент қолға алған ауқымды өзгерістердің негізгі арқауы. Ендігі кезекте бұл мәселелер ең жоғары конституциялық деңгейде бекітіліп жатқанын айта кеткеніміз жөн.

Мамандар Қазақстанның жаңа Конституциясы осындай маңызды реформалардың жалғасы екенін атап өтті. Бұл құжатта халықтың ұзақ жылдар бойы айтылып келе жатқан талап-тілегі, үміт-сенімі, мұң-мұқтажы ескерілген. Бастысы, оны елмен бірге жазылған Халықтық Конституция деп айта аламыз.

ген, инновацияға арқа сүйеген, технологиясы дамыған елдердің қатарында болуды алдына мақсат етіп отыр. Сондықтан қазір елдің таразысына тартылған маңызды құжат мемлекеттің өркендеуіне жана серпін береді.

Алдағы уақытта жаңа Конституция қоғамдағы терең өзгерістер мен дүниетанымы жанарған, мемлекетке жоғары талап қоятын жана буынның қалыптасуына жауап беретіні айқын. Осы үміттердің өзегінде адалдыққа, заң үстемдігіне, адамның қадір-қасиетіне деген құрметке және адам құқығына кепілдік беруге деген сұраныс жатыр.

Есенжол НАЗАРОВ,
техника ғылымдарының кандидаты,
Қорқыт ата университетінің аға оқытушысы

ҚОҒАМ ЖАҢҒЫРУЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗІ

Ұсынылып отырған жаңа Конституция жобасы – мемлекеттің саяси-құқықтық жүйесін жаңғыртуға бағытталған маңызды құжат. Бұл жоба елдегі басқару моделін жетілдіру, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын күшейту және билік тармақтарының теңгерімін нақтылау мақсатында әзірленіп отыр. Конституция – мемлекеттің іргетасы болғандықтан, оған енгізілетін әрбір өзгеріс қоғам өмірінің барлық саласына тікелей әсер етеді.

Ең алдымен, жаңа жоба билік тармақтары арасындағы өкілеттіктерді қайта қарауды көздейді. Атқарушы, заң шығарушы және сот билігі арасындағы теңестірілікті сақтау – демократиялық дамудың басты қағидаты. Осы тұрғыдан алғанда, Парламенттің ролін күшейту, оның Үкімет қызметіне бақылау жасау тетіктерін жетілдіру маңызды жана-лықтардың бірі болуы мүмкін. Бұл халық өкілдерінің шешім қабылдау үдерісіндегі ықпалын арттырады. Сонымен қатар, Конституция жобасында адам құқықтары мен бостандықтарын қорғауға ерекше мән берілген. Азаматтардың әлеуметтік, экономикалық және саяси құқықтарын кеңейту, олардың заң алдындағы теңдігін нақтылау – құжаттың басты басымдықтарының бірі.

Жергілікті басқару жүйесін жетілдіру де жаңа жобаның өзекті бағыты саналады. Аймақтардың дербестігін арттыру, мәслихаттардың өкілеттігін кеңейту арқылы өңірлік мәселелерді тиімді шешуге мүмкіндік туады. Бұл өз кезегінде халықтың билікке деген сенімін нығайтып, азаматтық қоғамның дамуына серпін береді.

Сот жүйесіне қатысты өзгерістер де маңызды. Конституциялық бақылау тетіктерін жетілдіру, азаматтардың өз құқықтарын қорғау үшін сотқа жүгіну

мүмкіндігін кеңейту – құқықтық мемлекетті қалыптастырудың негізгі шарттарының бірі. Бұл бағыттағы реформалар заң үстемдігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Жалпы алғанда, жаңа Конституция жобасы қоғамның сұранысына жауап беретін, заман талабына сай құқықтық негіз қалыптастыруды көздейді. Құжаттың қабылдануы елдегі саяси жүйенің ашықтығын арттырып, мемлекеттік басқарудың тиімділігін күшейтуге ықпал етеді. Осы тұрғыдан алғанда, конституциялық өзгерістер ел дамуының жаңа кезеңіне жол ашатын стратегиялық қадам ретінде бағаланады.

Бұл бастама қоғамның демократиялық құндылықтарды нығайтуға бағытталған реформаларымен сабақтас. Мемлекет басшысы ұсынған саяси жаңғыру бағыты Конституцияны жетілдіру арқылы институционалдық реформаларды тереңдетуді көздейді. Нәтижесінде, жаңа Конституция жобасы елдің ұзақ мерзімді тұрақты дамуының құқықтық негізіне айналуы мүмкін.

Жандос ТУСМАҒАНБЕТОВ,
«Самұрық» инновациялық идеяларды дамыту орталығы» қоғамдық қорының директоры, заң ғылымдарының магистрі

ЕЛШІЛЕР ҚЫЗЫЛОРДАНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАРЫМЕН ТАНЫСТЫ

Облыс әкімінің орынбасары Ардақ Зебешев Қызылорда қаласына келген Еуропалық одаққа мүше мемлекеттердің елшілерін өңірдегі мәдени-әлеуметтік нысандардың жұмысымен таныстырды.

Алдымен «Сыр жұлдыздары» балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық-инновациялық академиясына барды. Академияға бір мезетте 500, тәулігіне 3 мыңға дейін оқушы келеді. Олар бассейнде, топтық жаттығу бөлмелерінде, көркем гимнастика және фитнес залдарында жаттығады. Балалар бейіміне қарай үстел ойындарына, жекпе-жек, кескіндеме, сурет салу, resin-art,

шығармашылық, сәндік-колданбалы өнер үйірмелеріне қатысады.

Бұдан бөлек, елшілер Президент саябағында болды. Бүгінде саябақ аумағы қарқынды құрылыс алаңына айналған. Қайта жаңғыртуды Alem Qurylys АҚ серіктестігі қолға алған. Жобаға түзету енгізілген соң мұндағы құрылыстар қатарына 300 орындық балалар лагері мен қысқы бақ қосылған болатын. Бірнеше

нысан мен қоғамдық кеңістіктер салынуда. Атап айтқанда, аллея, субұрқак, амфитеатр, спорт және би алаңдары, балалар ойын алаңдары, workout пен демалыс аймақтары. Сонымен қатар фудкорт, теннис үстелдері, айналмалы дөңгелек аттракцион, тамақтану орындары, велосипед және жүгіру жолақтары бар. Бұдан бөлек сахна, сарқырама каналдары мен олардың үстінен өтетін көпірлер, шахмат, баскетбол және футбол алаңдары да салынуда.

Ботаникалық бақ аумағында абаттандыру жұмыстары жүргізілуде. Абаттандырылатын жалпы аумақ 2,41 гектар, бақ ішіне Оңтүстік Африка, Оңтүстік және Орталық Америка, Қытай, Жапония, Мадагаскарда өсетін жасыл желек отырғызылады.

Балалар лагері 6,02 гектарға орналасып, оның аумағында әкімшілік ғимарат, іс-шараларға арналған ивент-аймақ, 4 тұрғын корпус, қонақүй үлгісіндегі шағын ғимарат, 5 дәстүрлі киіз үй, ашық бассейн, стадион, футбол алаңы, сахна, өзге де демалыс және техникалық нысандар болады.

САЛТАНАТЫ КЕЛІСКЕН САЯБАҚ



Сондай-ақ аттракцион құру жұмыстарының 95%-ы бітіп, техникалық аймағын әрлеу жұмыстары қалды. Саябақтағы қолдандыру жұмыстары да аяқталуға жақын. 3 үлкен субұрқак, жекелей айтсақ, жаяу жүргіншілер субұрқакы, «Сырдария – фонтандар» кешені және «Өмір ағашы» тұманды субұрқакы бар. Бір фонтан дайын, қалған екеуі әрленіп жатыр. Өзге де құрылыс жұмыстары аз уақытта аяқталмақ – дейді қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Дархан Бақтияров.

көлемі 2,41 гектар болатын ботаникалық бақта Оңтүстік Африка, Оңтүстік және Орталық Америка, Қытай, Жапония, Мадагаскар елдерінен келген өсімдік көшеттері егіледі, – дейді жауапты маман.

Ал саябақ ішіндегі балалар лагері тек жаз айларында қызмет көрсетуге арналмаған. Біз құрылыс сыйымдылығын үлгілемізде, лагердің негізгі ғимараттарынан басқа 5 киіз үй, бассейн, стадион, футбол алаңы, сахна және өзге де демалыс пен техникалық нысандар салынып жатыр.

– Саябақтағы балалар лагері 6 гектар жерге орналасқан. 6 блок, яғни төрт жатақхана, әкімшілік-спорттық және Event Space – іс-шаралар ғимараты болады. Барлық ғимарат бойынша темір-бетонды конструкция жұмысы жүруде. Айта кетейін, 4 жатақхананың жалпы сыйымдылығы 300 адамға арналған. Құрылыс әр деңгейде жүріп жатыр. Бірінде ғимарат қабатының плитасы құйылып жатса, енді бірінде колонналарын арматуралау жұмыстары жүруде, – дейді құрылыс учаскесінің басшысы Мирас Иманов.

Айтпақшы, кешегі аптада саябақ жанынан перинаталдық орталықтың құрылысы басталды. Газетіміздің өткен нөмірінде жазылғандай, аталған құрылысты бастау рәсіміне облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевпен бірге Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әліназарова да қатысқан болатын.

Аймақ басшысы айтқандай, құрылысына 48 млрд 500 млн теңге бөлінген 200 орындық жаңа перинаталдық орталықтың аумағы – 38 мың шаршы метр. Ғимаратта ана мен балаға мамандандырылған заманауи медициналық көмек көрсетіледі. Қабылдау-қарау, стационарлық, диагностикалық, операциялық, реанимациялық және әкімшілік бөлімдер жоспарланған. Сонымен қатар, жерасты өткілі арқылы байланысқан жеке зертхана мен ас блогі болады. Бұл – ана мен бала өмірін сақтауға, ден-



Құрылыс учаскесінің басшысы Еламан Қазекештің сөзінше, қазір саябақ ішіндегі барлық жасыл желекке суару жүйесін жүргізу жұмысы бітуде таяу.

– Аумағы 36,82 гектар болатын саябақ ішінде жасыл желек, көшеттерді автоматты суару жүйесінің құрылысын аз күнде аяқтаймыз. Сондай-ақ мұнда дария арнасынан тартылатын үш арнайы су қоймасы дайындалады. Әрқайсысы 500 текше метр болатын қоймадағы су тек саябақ ішіндегі барлық өсімдік пен тал-теректерді суаруға арналған. Екіншіден, түнгі жарықтандыру жұмысы да 100 пайыз бітіп тұр. Ал тұрғындардың қауіпсіздігіне қатысты 100 бейнебақылау камерасы орнатылады, – дейді ол.

ЛАГЕРЬ ЖЫЛ БОЙЫ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

Құрылыс прорабы Асхат Болатұлы аумақтағы ботаникалық бақтың жер жағдайы әбден зерттелгенін айтады. Қазір жылыжайдың негізгі іргетасы мен колонналары құйылған.

– Жылыжай екі бөліктен тұрады. Құрылыс өз уақытымен жүріп жатыр. 70-ке жуық адам жұмыс істеуде. Аз күнде осы жылыжайға қажетті, яғни тропикалық өсімдіктерге арналған топырақ шетелден келеді. Соны орналастырамыз. Өйткені,



Білгеніміздей, Президент саябағын қайта жаңғырту жұмыстарын Alem Qurylys АҚ серіктестігі жүргізуде. Бір жақсысы, енді демалыс орнында қала тұрғындары мен келуші қонақтарға ұнамды дүние көп. Көбісі іске қосуға дайын тұр. Аллеялар, субұрқактар, амфитеатр, спорт және би алаңдары, балалар ойын алаңдары, workout және демалыс аймақтары ерекше дизайнмен өрілген. Сондай-ақ фудкорт, теннис үстелдері, аттракциондар, велосипед және жүгіру жолақтары бар. Бұдан бөлек, сарқырама каналдары мен олардың үстінен өтетін көпірлер, шахмат, баскетбол және футбол алаңдары салыныпты.

саулығын жақсартуға, демографиялық өсімді қамтамасыз етуге бағытталған мемлекет қолдауы.

Сонымен қатар, саябақ аумағынан 8,2 гектар жерге 9 қабатты 15 тұрғын үй басталған болатын. Мұндағы әр баспана 63 пәтерден тұрады. Барлығы – 945 пәтер. Қалалық құрылыс бөлімінің мәліметінше, жоба құны 20 млрд 886 млн теңгеден астам қаржыны құрайды. Көпқабатты үйлердің құрылысын «Мелиоратор» ЖШС жүргізуде.

Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»,
Фото: Н.НУРЖАУБАЙ

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ БАСҚАРМАСЫ БАСШЫЛЫҒЫНЫҢ 2026 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН АЗАМАТТАРДЫ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ ӨКІЛДЕРІН ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

№	Аты-жөні	Лауазымы	Қабылдау күні мен уақыты
1	Дүйсебаев Талғат Тұрсынұлы	Басқарма басшысы	Дүйсенбі, жұма сағ. 16.00-18.00
2	Шайхиев Рысбек Болатұлы	Басқарма басшысының орынбасары	Сәрсенбі сағ. 16.00-18.00
3	Баймбетов Галым Орынбасарұлы	Басқарма басшысының орынбасары	Жұма сағ. 16.00-18.00

Басқарма басшылығының жеке қабылдауына Әкімшілік-қаржы және экономикалық талдау бөлімі немесе төмендегі анықтамалық байланыс нөмірлері арқылы қажетті ақпарат алуға болады: 8 (7242) 60-54-41, 8 (7242) 60-54-47

«Алтайдың ар жағынан келген ару» және қыз жауабы



Суреттің авторы: Ә. Қасымов

Өткен ғасырдың 90-жылдарында жастың да, жасамыстың да аузынан түспейтін бір ән болды. Оны біздің замандастарымыз зор ықыласпен қабылдап, тез-ақ үйреніп алған. Бізден кейінгі толқын да қағыс қалған жоқ. Көгілдір экранда да үздіксіз беріп жатты. Ән бүкіл қазақ даласын тербеп тұрды, халықтың жүрегіне жол тапты. Ән қалай туды? Бұл қандай ән еді? Авторы кім? Әуелде шаруамыз болмады.

Сол кезде «Қазақстан» телеарнасынан «Кеш жарық» дейтін әдеби-музыкалық хабар әр аптаның жексенбі күні эфирге шығатын. Хабарды ақын Тынышбай Рахым өзі дайындап, өзі жүргізетін. Таңылмай жүрген таланттардың тұсауын кескен хабар көптің ықыласын аударған. «Кеш жарық» хабары арқылы танылған, бүгінде елге белгілі дәстүрлі әнші Сәуле Жанпейсова былай деп еске алады:

– Тынышбай ағамен бірге танылмаған таланттарды іздеп Қазақстанның біраз облысын араладым. Әсіресе Шымкент сапары есте қалды. Шырайлы өңірдің түкпір-түкпірінен өте көп жиналған өнерпаздардың арасынан ең мықтыларын іріктеп алып, «Кеш жарық» хабарына шақырған едік. Бірақ Атырауға сапарлайтын болып, әуежайға келіп, ұшақтың келуін күтіп отырдық. Тынышбай аға:

– Менде бір ән бар еді, соны сен қазір үйреніп алсаң қайтеді? – деді.

– Осы қазір ме, аға?

– Иә, қазір-ақ үйреніп аласың...

Домбырамыз қорбанынан алып ағаға ұсындым. Ол кісі мелодиясын екі рет ойнап, маған мәтінін берді. Шыңдығында онай игеріп ала қойдым. Алматы әуежайының күту залында үйреніп алған ән «Боз орамал» болды. Өнді Тынышбай аға жасырақ кезінде атыраулық бір қызға арнаған екен. Сол сапарда Атырауға барғасын «Боз орамалды» алғаш орындадым. Бүгіндері Атырауда «Боз орамалды» білмейтін адам кемдекем шығар.

Енді негізгі тақырыбымызға көшейік: Сөз басында тоқталып өткендей, ел арасына лезде таралған ән «Алтайдың ар жағынан келген ару» Тынышбай Рахымдікі болып шықты. Ол әлеуметтік маңызы бар тарихи ән болды. Бір сәттік көзімнен оқиғадан туған. Өңір әуезділігі, мәтін үйлесімі тыңдарманды бірден баурап ала қойды. Енді оның шығу тарихына тоқталайық.

1991 жылдың мамыр айында Алматыға арнайы шақырумен Қытайдан өнер өкілдері келді. Делегация құрамындағы жалғыз қазақ қызы Әмина Ершекшын Шыңжаң телеарнасында диктор болып қызмет етеді екен. Ол екі жастың арасына аудармашы болды. Қазіргідей кең қатынас орнаған заман емес, жүрген-тұрғанның бәрі тәртіптік хаттамаға бағынатын кез. Қайтар уақыт жетіп, қытайлықтар тегіс қозғала бастағанда әлгі қыз бөгеліп, жалтқақтап артына қарай беріпті. Қызың қимастық сезімін байқағаным, қасына жақындай алмай, бір ауыз болса да сөйлесе алмағанына штей өкініген ақын Тынышбай қатты толқиды. Қаршадай қыздың Отанына табаны тиіп тұрып, қала алмай бара жатқан сәтінде ақынның тілінің ұшына «Қимайтын жан екенсің жат ұяға» деген алғашқы өлең жолы оралады. Мұнан соң жүрекжарды шумдақтар бірінен кейін бірі құйыла берді. Үйіне келгенін күйсандыққа отырып, саз тербейді. Осылайша «Алтайдың ар жағынан келген ару» деген ән дүниеге келді. Белгілі әнші Нұрғали Нұсіпжанов Тынышбайдың өтінішімен алғаш рет әнді көркемдік кенеске орындап берді. Көркемдік кенес әнді қабылдады. Мұнан соң Жетісайға барған сапарында Мақпал Жүнісбаева «Алтайдың ар жағынан келген аруды» домбыраға қосып орындаған. (Телеарнаның алтын қорында сақтаулы).

Сол концертке келіп отырған Жетісай театрының жас актері Сәкен Қалымов әнді ұнатып, жазып алады. 1993 жылы Алматыға оралғасын Сәкен әнді «Кеш жарықта» орындап, ол шын мәнінде әннің бағын ашқан еді. Сәкеннің орындауында ән тамылжып шықты, келе-келе оның төлқұжатына айналды, атағын аспандатты. «Бұл ең алғаш орындаған әнім еді. Ән халық арасына тез таратты. Оны аға буын біледі және айта жүретініне сенімдімін. Мен әннің ғұмыры ұзақ болса екен, ұмытылып кетпей, кейінгі ұрпаққа да рухани азық болса екен деген мақсатпен енді оны жеке орындамай, қосылып айтағын қыз іздедім» дейді әнші бір сұхбатында. Сөйтіп жүргенде Қытайдан Қазақстанға 2020 жылы оралған Гүлсінәй Серік есімді қызды Республика сарайындағы бір концертке кездестірді. Танысады. Бірге суретке де түседі. Сәкен қызға «Алтайдың ар жағынан келген ару» әнін бірге айтуға құлаққағыс жасайды да, әннің нотасын беріп кетеді... «Сәкен ағамен қосылып айтамын, екі жаққа да белгілі болған ғажайып ән «Алтайдың ар жағынан келген ару» атына лайықты шыға ма? Әлде қалай болады? Тыңдарманға әнді дұрыс жеткізе аламыз ба?» деп Гүлсінәй ойылып жүргенде көп уақыт өтіп кетіпті. Екі жылдан соң ғана тәуекелде барған Қытайдан келген әнші қыз Сәкен ағасына қоңырау шала-

ды. Екеуі кездеседі. Гүлсінәйдың дауысы Сәкеннің көңілінен шығады. Мәтіні жазылып, дайын тұрғасын әуен өзара үйлесіммен шарықтайды. Мұны сонау 1991 жылы қытай мен қазақ арасына аудармашы болып келіп, атажұртқа табан тіреген Әмина Ершекшынға арнаған Тынышбай әніне жауап деп түсінесің керек. Тыңдап көрдік, кезектесе шырақпаған ән әдемі шыққан. Мәтіні ұзарған сол баяғы әуен. Біле жүрген артықтық етпесе, осыдан 35 жыл бұрын дүниеге келген «Алтайдың ар жағынан келген ару» әніне қайтарған қыз жауабының мәтінін қосып, жаза кетейік:

Қимайтын жан екенсің жат ұяға,
Қалқам-ау кез болдың ғой қапияда,
Шіркін!
Мөп-мөлдір жанарым-ай,
Жаздыр жамалың-ай,
Қалдым-ау тіл қата алмай,
Қарағым-ай.

Қасына бар алмадым,
Сездім бе жан арманым,
Еріксіз қалқам саған ән арнадым.
Гүлсінәй:
Алыстан туған жерден қапияда,
Бой жеттім елден жырақ жат ұяда,
Шіркін!

Мөлдiрeп жанарым-ай,
Жалт етe қарaдым-ай,
Ағажан бар ма мeңiң амалым-ай,
Аққу боп кeтceм дeймiн,
Отанға жeтceм дeймiн,
Сағыныш шeрiмдi бiр тeкceм дeймiн.

Мөп-мөлдiр жанарым-ай,
Жаздыр жамалың-ай,
Қалдым-ау тiл қата алмай қарaғым-ай.

Қасына бара алмадым,
Сездім бе жан арманым,
Еріксіз қалқам саған ән арнадым.
Гүлсінәй:
Алтайдың ар жағынан әнім жетті,
Сағыныш өзегімді қарып өтті,
Шіркін!

Ақниет қыран аға,
Ақпейіл жыр-ән аға,
Қасында қала алмадым кінәлама,
Аққу боп кетсем деймін,
Отанға жетсем деймін,
Сағыныш шерімді бір төксем деймін.

Сәкен:
Баянды болсын сенің ұшар бағың,
Қолыңды қош айтысып
қыса алмадым, шіркін!
Мөп-мөлдiр жанарым-ай,
Жаздыр жамалың-ай,
Қалдым-ау тiл қата алмай,
Қарағым-ай.

Қасына бара алмадым,
Сездім бе жан арманым,
Еріксіз қалқам саған ән арнадым.
Гүлсінәй:
Алыстан аңсап елге жеткенімде,
Ағатай медеу болдың көп көзіңше,
Шіркін!

Баянды бақ тіледің,
Қабыл боп ақ тілегің,
Ақ таңым Отанымда атты менің,
Арналды әнім менің,
Туған ел бағым менің,
Қарсы алды Атамекен қалың елім.

Әу баста бір қызға, яғни Әмина Ершекшынға арналдып шыққан ән Қытай еліндегі бүткіл қазақ жұртының туған елге деген сағынышты махаббатындай қырып айналады. Мұндайға:

Ән – жүректің ажары,
Ән – жүректің газалы,
Әнді сүйген қазақтың,
Тарқамасын базары, – десек болады.
Жуырда Сәкен Қалымов пен Гүлсінәй Серік осы әнге бейнебаян түсіріпті. Керемет! Әсем ән әсем табиғатпен үндескен. Тыңдай бергің келеді. «Ән ұрпақтан ұрпаққа жалғаса екен» деп алдына мақсат қойып, соған қол жеткізген Сәкен әншіге риза болсын.

Сөз кезегінде Тынышбайдың қысқаша өмірбаянын берейік. Тынышбай Рахым 1946 жылы 12 қыркүйекте Өзбекстан Республикасы, Ташкент облысы, Жоғарғы Шырыңк ауданының Свeрдлов атындағы жұмысхана-рында дүниеге келген. Оны өзі былай деп жазады:

Қыркүйекте туыппын, салқын түскен Болаған шақ дүние алтын түспен. Қызыл шақа тіршілік шыр етіпті, Ең алғашқы өзіндік мәрттік күшпен... Ел басына күн туған аласапыран жылдардың бірінде Тынышбайдың ата-сы осы күнгі Қарағанды облысының Жаңарқа жерінен Өзбекстанға ауған. Бертінірек, яғни 1961 жылы Жамбыл облысы Сарысу ауданының орталығы Жаңатасқа қоныс алды. Тынышбай

осы жерде туған қарындасымен бір сыныпта оқыған көршінің қызы, болашақ жары Қарашашпен танысқан. Жамбылдың мәдени-ағарту училищесіне түсіп, музыкалық аспаптарды шебер меңгерген. Әлемі дауысы бар Тынышбай өзі шығарған әндерін нотаға түсіріп, орындап жүрді. Студент кезінде, яғни 1966 жылы «Жанатастай жас қала, жас арудай жайнаған» деп әсерлі қайырылатын алғашқы ән «Жанатас көктемі» жарыққа шықты. Кезінде мұны Қазақстанның Халық артисі Зейнеп Қойшыбаева орындап, тыңдарманның көзіаймына айналған болатын. Мұнан басқа көпке таралған «Көктем келді», «Қош махаббат», жоғарыда тоқталып өткен «Боз орамал», «Бар ма менің жазығым?» атты танымал әндері бар. Қазақстан телевидениесінің алтын қорында композитордың өзі орындауындағы «Көктем келді» әні сақталыпты. «Бар ма менің жазығым?» әні бүгінде «Музарт» тобының репертуарынан берік орын ала-ақ, «Боз орамалды» Сәуле Жанпейсовадан кейін Нұрлан Өнербаев, Асқар Жүнісбеков орындады. Білгеніміз, сазгер-ақынның 60-қа тарта әндері бар дейді. Ал өзі бір сұхбатында 80 ән жаздым депті. Рас шығар. Бірақ «Алтайдың ар жағынан келген ару» әнінің орны бөлек. Тынышбай Рахым десек, бірінші осы ән ойға оралады. Ол бірнеше өлең кітаптың авторы, лирик ақын, Лиас Жансүгіров атындағы әдеби сыйлықтың иегері.

Өмірлік жары Қарашаш Ахметқызы: «Тынышбай өлеңдерін жатқа оқытын. Жазғандарының алғашқы тыңдаушысы мен болатынымын. Тіл маманымын ғой айтайын, керемет ақындар көп, бірақ маған Тынышбайдан артық ақын жоқ» депті. «Балаларының ішінде еке жолын құлаңдары бар ма?» деген журналист сұрағаны: «Ақынның ақын тұмайды» деген рас шығар, егер немерелерінен шығып жатса, қуанамыз» деп жауап қайырыпты.

Тынышбай Рахымның ақындық жолға біржолата бет бұруы 1971 жылдан басталған сынайы. Оны Мұқағалиға арнаған мына өлеңінен аңғаруға болады:

Жыр дөңгегін арқапап,
Алматыға келгенде
Бір ақынды көргенде
Отан сәлем бергенде
Соңына оның ергенде
1971, январдың үші еді
Сол жыл, сол күн, сол сәттер
Жиі есіме түседі.

2006 жылы Тынышбай Рахымның 60 жылдығына байланысты Алматыда өткен еске алу кешіне (1999 жылы өмірден озған) «Алтайдың ар жағынан келген ару» әнінің кейіпкері Әмина Ершекшын арнайы келеді. Сол жолы өзіне керемет ән арнаған ақынның жұбайы Қарашаш Ахметқызымен танысады. Қонақ болып қайтуға шақырады. Әминаның шақыруын қабыл алған Қарашаш қасына бір қызын ертіп Қытайға барған. Он күн қонақ болып қайтқан.

Жоғарыда біз «Алтайдың ар жағынан келген ару» әнін тарихи әрі тағдырлы ән дедік. Тарихи ән екені түсінікті болды, ал неге тағдырлы? Көрнеалмаушылық, қызғанушылық, етектен тартушылық сияқты пенделіктер Тынышбай Рахымды да айналдыр өтпеген.

«Қытай қазақтарының аузында «Ақ көйлек» деген ән бар екен, Тынышбай сол әннің сөзін өзгертіп, сазын да пайдаланған» деген қанқу сөз шығалды және ол күн оған сайын гулей береді. Амалы таусылған Тынышбай сол жылдары «Егемен Қазақстан» газетінде қызмет ететін журналист Қали Сәрсенбайға шағынады. Қали бұл келенсіз жағдайдан хабары барын айтып, сазгерді сабырға шақырған.

– Бұлай болмайды, дәлелдеуіміз керек, – дейді Тынышбай. Ойласа келе екеуі Нұрғали Нұсіпжанов пен Нұрғиса Тілендиевке барады. Олардың пікірлерін алады. Осындай күндердің бірінде газет редакциясына Қытай қазақтары, олардың бүткіл әндерін билетін Оразакын Асқар дейтін белгілі қаламгер арнайы-лап келіп, «Ақ көйлек» әнінің нотасын береді. Екі әннің бір-біріне жанаспайтыны белгілі болады. Бұл нағыз дәлел еді. Осыдан соң Қали Сәрсенбай «Егемен Қазақстан» газетіне «Әсем әнге арамен» деген тақырыппен көлемді мақала жазып бастайды.

Қазақ поэзиясы мен өнеріне еңбегі сіңген ақын, композитор, әнші, тележүргізуші, бірнеше музыкалық аспаптарды шебер меңгерген сөз қырлы, бір сырлы азамат Тынышбай Рахымның туғанына биыл 80 жыл толады. Ән мен жыр сүйер қазақ халқы барла Тынышбай шығармалары, оның ішінде композициялық қырының шырақ шыңы, біз осы мақалаға арқау еткен «Алтайдың ар жағынан келген ару» әні ұмытылмай рухани-көркем дүние ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жалғасары анық.

Темірбек ЕСЖАНОВ,
ҚР Білім беру ісіннің құрметті қызметкері, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

Кейіпкерлер қиялымды қозғады

Әлбетте, өмір формуласы деген атымен жоқ. 1966 жылы Т.Шевченко атындағы №13 орта мектепті тәмамдаған бойда Қызылордадағы Н.Гоголь атындағы педагогикалық институтқа маңдай тіредім. Өзімді ойша математика пәнінің мұғалімі

«Махаббат қызық мол жылдар» романы әдебиет әлеміне мәңгі тілеулес етіп табындырып қойды.

АҚПАРАТ АЛАМАНЫ



ретінде елестетіп көріпін. Шынында, есепке жүйріктеме Едім. Сол дәмемен қабылдау комиссиясына құжаттарымды өткізгенде бірден үрейімді ұшырған 75 талапкердің бірі екенім тәуекел белбеуін бірден босатып жіберді. Менің түсінігімде институтқа бірыңғай «бестік» бағаны қанжығасына байлағандар ғана табан тіреуі заңдылық сияқты. Өзімді дереу сол санатқа қосқаныма, бірден топ жаруым неғайбылдан күдік ұялатты. 75 талапкердің тек 25-і ғана студент атануы керек. Ауылдан ұзамаған бөркемікте мен сияқтыларға бұл қамалдан өту мүмкін емес сияқты көрінді. Сол қобалжу біржолата шегіндіріп, комиссияға тапсырған құжаттарымды дереу қайтарып алдым. Сөйтін маңдайым таңдау қателік пен сәттіліктің шекарасына қазықтай қағып жіберді.

Қаламызды ұштағандар

Көркем әдебиетке құмарлығым бірден қолтығымнан демең, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі атану үмітін тұтатты. Бұрыннан ауыл кітапханасына көбірек бас сұғатыным енді біржолата кітап сөрелеріне арқа тіретті. Кітапханашы Жалғас ағайын сеніміне кіріп шаттан тыс көмекшісі айналдым. Қалың мұқабалы кітаптардың сикырлы беттері біржолата босап екетті. Отандық әдебиеттің көшбасшы аналтығы Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы тұтастай бір доуір эшелонын қол бұлаттай. Жюль Верннің «Он бес жасар капитан», Даниель Дефонның «Робинзон Крузо», Лев Толстойның «Соғыс және бейбітшілік», Федор Достоевскийдің «Қылмыс пен жазық», Максим Горькийдің «Ана», Тихон Семушкінның «Аласталаң апілет» романдары бірден кәліп әлеміне енгендей. Садриддин Айнидің «Құлдар», Георгий Тушканын «Жора», Салықбек Адамбековтың «Тау арасында» туындылары қым-қуыт оқиғаларымен түрлі ұлт өкілдерінің таңғайып болмысына таңдай қаққызып қойды.

Шетелдік сөз шеберлерінің туындыларын өзінен ығыстырған Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Қурланды» романы, Бердібек Соқпақбаевтың «Балалық шаққа саяхат», «Өлеңдер кітабын келмейді» повестері өмір сүреттерінің әдеби баламасына еріксіз табындырды. Өзіміз сияқты жағалау-бар домалақтарының шынайы болмысына күдікпен емес, үмітпен қа-

«Махаббат қызық мол жылдар» романы әдебиет әлеміне мәңгі тілеулес етіп табындырып қойды.

Қаламызды ұштағандар

Әсілі, көркем туынды құдіреті оқырман біткенді табындырмай қоймайды. Америкадан шығармашылық сапардан оралған Шыңғыс Айтматов пен Қызылордадағы оқырмандар кездесуіне барғаным әлі күнге сағыныш самалындай желпиді. Атақты жазушының батырға тән болмысы, мінбелегі өр үні балқытпай қоймайды. Осы шығармашылық жүзесу маған да қаламгерлік құлшыныс сезімін сыйлады. Содан бері Шыңғыс ағаны қазақ тілінде жарық көрген барлық кітаптары маған болашақ баспалдағындай тірекке айналды.

Театр құдіретіне таңдай қаққызған сахналық қойлымдардың шығармашылық шаруы тіптен ерекше екен. Жергілікті драматург Оразбек Бөкеевтің «Қанжар мен домбыра» атты спектаклін жай ғана тамашалап қоймай, рецензия жазғаным бағыттық байламын сыйлады.

Студенттік шақ албырт сезіммен бірге болашақ кілтін қолға ұстатқанын марқая жадыма оралтамын. Облыстық газет жанындағы әдеби бірлестік отырыстарында атақты ақын Асқар Токмағамбетовтің бәрімізді жүр дептерінде шұқшитқаны қолдан қалам түсірмейтін жана әдет сыйлады. Белгілі жазушылар Насреддин Сералиев пен Саид Базитовтің, майдангер қаламгер Досмағамбет Тасекеевтің, ерекше дәріздерінен бізге әлеміне енгендей. Садриддин Айнидің «Құлдар», Георгий Тушканын «Жора», Салықбек Адамбековтың «Тау арасында» туындылары қым-қуыт оқиғаларымен түрлі ұлт өкілдерінің таңғайып болмысына таңдай қаққызып қойды.

Шетелдік сөз шеберлерінің туындыларын өзінен ығыстырған Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Қурланды» романы, Бердібек Соқпақбаевтың «Балалық шаққа саяхат», «Өлеңдер кітабын келмейді» повестері өмір сүреттерінің әдеби баламасына еріксіз табындырды. Өзіміз сияқты жағалау-бар домалақтарының шынайы болмысына күдікпен емес, үмітпен қа-



Оқырмандар арасында

рауға біржолата иландырды. Сөйтін кітап әлемі алдарқатқан күміс күз, қайраттандырар қыс, көңілшек көктем, жайдары жазбен көмкерілген сынақ мерзімі қайтадан Қызылорда педагогикалық институтына табыл-дырығын аттатты. «Құндықтың көкесін түйе сойғанда көресін» дейтіндей қазақ тілі мен әдебиеті мамандығына үміткерлердің ұзын ығрасы 425-ке жетті. Аман қала, шегінетін жер жоқ, кітап жатпаған бір жылдык текке кетпеді. Шығарма жазудан қамшы салдырмадым. Ауызша сұрақтардан да мүддірген емеспін. Тарих пәнінен де түсінігім тереңдіктен ізделді. Ағылшын тілін оқымағандықтан бұл боп емтиханы есепке алынбады. Осылайша әдеби әлем босағанынан сүрінбей, білім дәлізінен төріне қарай нық қадам бастым.

Студент аудиторларына батыл енуімнің бір ұштығы ауыл өмірінен аудармалық газетке жолдаған мақалаларымның омырауындағы ыстық күлшешей қыздырған қалами қайтарыман менмұндадан тұрды. Ауыл радио торабынан балықшылардың жазғы, қысқы балық аулау маусымынан дайындалған репортаждарымды микрофонға желімдей жабыстырған шығармашылық филология мінберін жатысырған жоқ. Сол сәттен бастап сөз құдіретінің, шындық пен шеберліктің тоғысқан тусы менің өмірлік бағытым боларын ұқтым.

Қазақ әдебиетінің ғылыми бастауынан ізделетін профессор Әуелбек Қоңырғабаетын ғұламалық тереңдігі өзімді шығармашылық шабарманы болуға қодімдегі жегерлендірді. Институт пен жатақхана жолындағы кітап, газет сатағын киокиет еріксіз бөлетінін баспасөзге қаржылық дағдысы да ағылап тұрды. Алғаш қолыма Іп-кен Қарауылбек Қазиевтің «Ақ бан-

дәрежесінде қабылдадым. Менің қайсар қаламгерге аудан ұстаздары атынан тілек қосқаным құшақта жүрген ағаны тебіреніп тастағандай жүрді. Өзінің «Сарша тамыз» кітабына «Сарша тамыздай ыстық көңілмен» деп автограф бергені әдеби күлшеден кем сөзпады.

Сырласым, сыйшыым оқырман

Қырық жылдық еңбек өтілімнің ұстаздық пен журналистік қызметке теңдей бөлінгенді әділетті нәтижеге айналды. «Толқындағы» әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы қызметін беріле атқарғаны оқырман қауымының қадірлі авторына айналдырғанын дәтке куат тұтатын. Еліміздің егемендік алуына байланысты газет атауының төбесінде «Барлық елдердің пролетарлары бірігіңдер!» дейтін бұйрық тәртізді саяси сірпесе ұран сөзді алмастырған «Арал тағдыры адамзатқа аманат!» атты маңдайша атау менің үлесіме жататындығын мақтаныш тұтатын. Газет өміріне «Борекелді», «Дауасын күткен дабыл» атты жана айдарлар әкелгенім де оқырманды желініске жетелеген сөзсіз. «Ақиқат» атты жаңалықтар топтамасын әзірлегенім үшін аудандық газет журналистері арасында үздік атандырды.

Журналист атауының шығармашылық мүмкіндігін безбегне салатын очерк жапты менің өң жамбасыма келді. Облыстық бейгелерде «Оқ пен қоңырау», «Женістің бір ұшқыны», «Борыш тұғырында бақыт», «Мәңгілік мақтанды» тәртізді жазбаларым арнайы жүлделерге ілікті.

Арал өңірінің белгілі меценаты Тоғыс Жұмашев туралы «Еркіндік ерекбұланды», алтын ғұмыр иелері Ибрагим аға мен Ақбике ана жайында «Күн мен айдай жарқырап...», танымал кәсіпкер Бахыт Жүгінісовтің аққан жұлдызды ғұмыры хакында «Мәңгілік сағыныш» аталатын ғұмырнамалық хикаяттар демеушілердің көмегімен жеке жинақ болып оқырманнан сүйінші сұратқаны өзінше бір ғанибет.

Арал теңізінің трагедиясы әлемді шұлатып жатқанда республикалық «Егемен Қазақстан», облыстық «Сыр бойы», аудандық «Толқын» газеттерінің арнайы бірқисен санында менің «Жабырқау жүз», «Шайылық жүрек» атты мақалам жарық көргені журналистикадағы айрықша үлесіме жатады. Арал тағдырына қатысты проблемалық мақалалары И.П.Орта Азия экологиялық журналистика фестивалдарының лауреаты мәртебесін сыйлады. «Аллажар» қолдау қоры ұйымдастырған бәйгеле «Арал өңіріндегі мемлекеттік емес ұйымдардың қалыптасуы және даму мүмкіндіктері» атты сараптамалық материалдарым бірінші орынды еншіледі. Тәуелсіз «Халық» қоғамы ұйымдастырған бәйгеле «Қағам калып кетпесін» атты мақалам үздік шықты. Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығына байланысты ұйымдастырылған «Елім менің» атты облыстық шығармашылық байқауда «Үздік әдебиеттанушы» номинациясын иелендім. Журналистикадан тыс «Дарабоз» әдеби аламында «Алғашқы асу» хикаятым мен «Шөлдеген шағала» атты әңгімем үздік шығармалар қатарынан табылды. «Толқын» газетінің шығармашылық бөлісінде Украинаның атақты ақыны Т.Шевченконың Аралға қатысты поэзиясы туралы зерттеу мақалам әдеби ортаға өлі салдырды.

Халқымыздың атақты жазушысы Әбдіжәміл Нұрпейісовтің шығармашылық эрудициясы тұрасындағы зерттеуім де оқырман ойынан шықты. Бір ғажыбы осы еңбегім Әбдіжәміл ағаның 7 томдығының 4-томында менің «Суреткер серті менсердей» деген талдау мақалам енгізілгенін зор мәртебе санаймын. Өлемдік ғұлама Әбу Насыр әл-Фарабидің ғылымдағы теңдессіз үлесін дәріптеген еңбегім де оқырман ойынан шыққаны хак. Әдетте, қалам құдіреті тосын сыймен таңырқатады. Құрметті еңбек демалысына шыққан соң, поэзия әлемі де қол бұлғап, төрт толғау, отыздан астам өлеңдер шоғырын сыйлады.

Саяси қуғын-сүргін құрбаны, ақын Нұрмағамбет Қосжановтың «Сартай батыр» дастаны, Ашубай ақынмен хат арқылы өлеңдетуі, өңір қаламгерлерінің жинақтары жайлы рецензияларым очерк, эссе, публицистикаларым

///РУХАНИЯТ

ИЛІЯС ЖАНСҮГІРОВ ӨМІРІНДЕГІ ҚЫЗЫЛОРДА КЕЗЕҢІ

Облыстық тарихи-өлкетану музейінде Талдықорған қаласындағы І.Жансүгіров әдеби музейі қорының негізінде «Илияс Жансүгіров және Қызылорда кезеңі» атты көшпелі көрменің салтанатты ашылуы өтті.

Иә, «Илияс Жансүгіров пен Қызылорда қаласының арасында қандай байланыс бар?» деген сұрақ болуы заңды. Алдымен осы сұраққа жауап беріп өтсек, Мәскеудегі мемлекеттік журналистика институтын 1928 жылы бітіріп келген қаламгер сол жылдары ел астанасы болған Қызылорда қаласына келіп, «Еңбекші қазақ» газетінен еңбек жолын бастаған екен. Сондай-ақ осы жылдары оның ұлт руханиятына қалдырған көлемді туындыларының негізі қалған.

Алаштың астанасы болған тарихи шаһарда қызмет атқарған жылдары ақынның шығармашылық тұрғыдан кемелденіп, қоғамдық-саяси өмірге белсене араласқан шағы. Сол кезеңдегі әдеби орта, шығармашылық ізденістер мен рухани серпіліс көрме мазмұнында кеңінен көрініс тапқан.

І.Жансүгіров атындағы әдеби музей ұйымдастырған көшпелі көрмеде ақынның тұтынып қалғандары, отбасылық бұйымдары, қолжазбалары, фотосуреттері, құнды архивтік құжаттары мен тарихи деректері көпшілік назарына ұсынылды.

Мемлекет және қоғам қайраткері, ақын, драматург, прозаик, сатирик, журналист, аудармашы және педагог Илияс Жансүгіров 1894 жылы Алматы облысы Ақсу ауданында өмірге келген.

Алаштың өз ақсанын, ауыл молдаларынан сауат ашқан ол ауылдағы бастауыш мектепті бітіргеннен кейін Ташкенттегі екі жылдық мұғалімдік курсына түскен. Оқуын бітірген соң ауылда мұғалім болып, кейін «Тіліш» газетінде қызмет атқарды.

1922 жылы Алматыда Қазақ ағарту институтын мекендеуші болып тағайындалса, 1925 жылы Мәскеудегі Журналистика институтына оқуға түсті. Жоғарыда айтып өткеніміздей, инсти-

тутты бітіріп келіп, «Еңбекші қазақ» газетіне қызметке орналасқан. Осы жылдары қаламгер Қазақстан Жазушылар одағын ұйымдастыру ісіне де белсене қатысқан. Ал 1934 жылы өткен І съездің Қазақстан Жазушылар одағының алғашқы төрағасы болып сайланған. Елдің қоғамдық-саяси өмірінде ерекше көзге түскен Илияс Жансүгіровті жалған жаламен 1937 жылы НКВД тұтқындап, бір жылдан кейін ату жазасына кесілген. Ақын арада жиырма жылдан астам уақыт өткенде, яғни 1958 жылы Қазақ КСР Жоғарғы сот шешімімен ақталды.

Көшпелі көрменің ашылуында сөз сөйлеген облыстық тарихи-өлкетану музейінің директоры Сапар Көзейбаев ұлт руханиятына қызмет еткен аяулы тұлғалардың өмірі мен шығармашылығын, сонымен бірге, артында қалған қымбат мұраларын бүгінгі ұрпаққа насихаттаудың маңызы зор екенін атап өтті. Бұл бағытта музей қызметкерлерінің жыл бойы ерекше ізденіспен еңбек етіп, еліміздің әр аймағымен рухани байланыс орнатылатынын айтты. Осы орайда шығармашылық сапармен келген Илияс Жансүгіров атындағы әдеби музей ұжымына алғысын білдірді.

Илияс Жансүгіровтің жүріп өткен жолы, азаматтық ісі, артында қалдырған мұрасы бүгінгі жас ұрпаққа үлгі-өнеге. Ақын небәрі 44 жыл өмір сүрді. Оның жиырма жылғы әдебиет майданында өткерген қаламгер халқының тарихына, мәдениетіне, салт-дәстүріне аянал философиялық мән зор шығармалар қалдырды. Жай ақын емес, қазақ поэзиясына революциялық өзгеріс әкелген ақын. Шығармалары бірнеше шетел тілдеріне аударылған.

Ол туған жерін жан жүрегімен сүйіп, демі біткенше қызмет етті. Бүгінде му-



зейде ақын өміріне қатысты 6 мыңнан астам жәдігер бар. Оның ішінде ақынның баспа машинасы, ақын киімі мен отбасының тұтынып қалғандары көруге болады. Бұдан бөлек, Мәскеуге арнайы іссапармен барып, 20-ға жуық кітап пен 70-ке жуық маңызды дерек әкелдік – дейді музей директоры Нұртұл Қызырбекқызы.

І-шарада Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты Айман Айтбаева сөз алып, ақын Илияс Жансүгіров өміріне қатысты көптеген маңызды деректер ортаға салды. – Қызылорда астана болған уақытында ақын-жазушылар, журналистер, ағартушылар, қоғам қайраткерлері жалпы қазақ зиялылары осында жиналды. Сол жылдары Илияс Жансүгіровтің шығармашылығымен қатар азаматтық болымыс қалыптасты. Ойғілі «Құлагер» поэмасы өмірге келді. Айта кетуіміз ке-

рек, ақынның тағдыры осы Құлагердің тағдырымен өте ұқсас. Жалпы бұл тақырыптар алдағы уақытта білім алушылар үшін ғылыми жобаларға арқау болса, құны арта түсер еді, – дейді ғалым.

Көшпелі көрме баспасөз конференциясымен жалғасын тауып, музей ұжымдары рухани байланысты нығайту бағытында өзара меморандум жасасты. Облыстық тарихи-өлкетану музейіне І.Жансүгіровтің үш томдығы және жеке кітап болып шыққан «Құлагер» поэмасы тарту етілді.

І-шараға зиялы қауым өкілдері, мәдениет саласының қызметкерлері, жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттері, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты. Көрме 25 ақпанға дейін жалғасады.

Ғазиза ӘБДУЛЛА, «Сыр бойы»



Бұл – Қазақстанның қысқы Олимпиадада кейінгі 32 жылда жеңіп алған тұңғыш алтын медаль әрі мәнерлеп сырғанаудан ел тарихындағы алғашқы Олимпиада чемпионы. Қазірге дейін бұл спорт түрінен Қазақстан қоржынында тек қола жүлде болды. 2014 жылғы қысқы Олимпиадада Денис Тен үшінші орыннан көрінген еді. Қазақстанның қазірге дейінгі алғашқы алтын жүлдесін 1994 жылы шаңғышы Владимир Смирнов қоржынға салған болатын.

Биылғы қысқы Олимпиадада жалпы командалық есепте Норвегия 18 алтын, 12 күміс, 11 қоламен көш басына шықты. Одан кейінгі орындағы АҚШ 12 алтын, 12 күміс, 9 қола еншілесі, үздік үштікті 10 алтын, 7 күміс, 3 қоламен Нидерланд түйіндеді. Дүбірлі дода барысында барлығы 29 мемлекет жүлдеге қол жеткізді. Мұндай мүмкіндікке Италия, Германия, Франция, Швеция, Швейцария, Аустрия, Жапония, Канада, Қытай, Оңтүстік Корея, Аустралия, Ұлыбритания, Чехия, Словакия, Испания, Польша, Жаңа Зеландия, Финляндия, Латвия, Дания, Эстония, Грузия, Болгария және Бельгия ие болды.

Биылғы Олимпиадада ел құрамының географиясы кеңейіп, кейінгі төрт олимпиадалық цикл ішіндегі ең жоғары көрсеткішке жетті. Еліміздің бас командасы сапына 11 өңірден үздіктер шақырылды. Атап айтқанда, әйтулы аламанда Алматы, Астана және Шымкент қалалары, сондай-ақ Ақмола, Шығыс Қазақстан, Алматы, Павлодар, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды және Абай облыстарынан барған жастар сайысқа түсті. Салыстырмалы түрде айтсақ, 2022 жылғы қысқы ойындарда 10, 2018 жылы 9 өңірдің өкілдері қатысқан еді.

Олимпиада барысында отандық спортшылар бірқатар жоғары нәтижеге қол жеткізді. Мәнерлеп сырғанаудан 19 жастағы Софья Самоделькина Олимпиададағы дебютінде 207,46 ұпай жинап, жеке рекордты жаңартып, 10-орын иеленді. Бұл – Қазақстан тарихындағы әйелдер арасындағы мәнерлеп сырғанаудан Олимпиададағы ең жоғары нәтиже.

Конықмен жүгіруден Надежда Морозова 3000 метр қашықтықта 6-орын, 5000 метрде 10-орын алып, 1998 жылдан бергі отандық конькишілердің ең үздік көрсеткішін тіркеді. Ал Елизавета Голубева 1500 метрде 7-нәтиже көрсетіп, 3000 метрде үздік оңдыққа енді. Сондай-ақ әйелдер құрамасы командалық жарыста Олимпиаданың ең үздік сегіз командасының қатарына қосылды.

Өзге спорт түрлерінде де айтарлықтай ілгерілеу бар. Шаңғымен тұғырдан секіруден 19 жастағы Илья Мизерных 1-бет.

Әділжан ҰМБЕТ, «Сыр бойы»



ТІРШІЛІКТІҢ КҮРЕТАМЫРЫ

Электр энергиясы іркілсіз берілу үшін

Электр энергиясымен жабдықтау бойынша айтсақ, облыста 10 608 шақырым электр желісі мен кернеуліктері, 2058 әртүрлі қосалқы станция бар. Қазіргі таңда, электр желілері мен қондырғыларының 61 пайызы тозған.

Былтыр 12 жобаға 6 млрд теңге қаржы бөлініп, 280 шақырым электр желісі және 87 қосалқы станция қайта жаңғыртудан өткізілді. Оның ішінде Қазалы ауданы Қожабақы елді мекені, Қазалы қаласы, Сырдария ауданының Қалжан ахун елді мекені, Шиели кенті, Шиели ауданының Қодаманов ауылы, Жаңақорған ауданы, Қызылорда қаласы Айнакөл ауылы бар.

– «Қызылорда электр тарту тораптары компаниясы» АҚ-ның тарифтік шығындар аясында 869 млн теңгеге 99 шақырым әуе желісі және 72 қосалқы станция қайта жаңғыртудан өткізілді. Сондай-ақ Шиели кентіндегі 220 кВ қосалқы станция мен Қызылорда қаласындағы 35 кВ ЛІ-31А, ЛІ-32А әуе желісі де жаңғыртылып, тұтынушылар үздіксіз электр энергиясымен қамтамасыз етілуде.

Жаңақорған кентінің 10/0,4 кВ электр желісі толығымен қайта жаңғыртылып, кент тұрғындарының пайдалануына берілді. Сонымен қатар, Қызылорда қаласының басым бөлігін электр энергиясымен қамтамасыз етіп отырған «КЕГӨК» АҚ тентеріміндегі 220/35/10 кВ «Қызылорда» қосалқы станциясына қосымша 25 МВА күштік трансформатор орнатылды.

Қызылорда қаласындағы 220/35/6 кВ КТЭЦ-6 40 МВА күштік трансформатор 63 МВА күштік трансформаторға ауыстырылды, – дейді облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының басшысы Мәдет Усанн.

1-бет.

Биыл 2,4 млрд теңгенің 7 жобасы арқылы 126 шақырым әуе желісі және 59 қосалқы станцияны қайта жаңғыртудан өткізу жоспарлануда. Облыстық бюджет есебінен 1,2 млрд теңгеге 35 кВ 20 шақырым желі жаңғыртылады. «Қызылорда электр тарту тораптары компаниясы» АҚ тарифтік шығындар есебінен 851 млн теңгеге 106 шақырым желіні және 59 қосалқы станцияны жөндейді.

Энергетиканың бір саласы – жылу

Былтыр жылмен қамту нысандарын жаңғыртуға 12 млрд теңге қаржы қаралды. Оның ішінде, Қызылорда жылу-электр орталығының Оңтүстік қазандықтың «Бонус Энерджи» маркалы үш бу қазандығына Үкімет резервінен 2,5 млрд теңге, жергілікті бюджеттен 1,3 млрд теңге бөлініп, қайта жаңғыртылды. Сонымен қатар, негізгі және қосалқы қондырғыларды жөндеуге 5,1 млрд теңге бөлінді.

Жылу желілерін жаңғыртудың 6 жобасын іске асыруға бюджеттен 3,6 млрд теңге бөлініп, 7,9 шақырым жылу желісі қайта жаңғыртылды. Нәтижесінде тозған жылу желілері 2 пайызға, яғни 42%-дан 40%-ға төмендеді.

– Тоған желілерді азайту үшін облыстық бюджет қаржысы есебінен жобалар әзірленді. Осыған байланысты, 2026-2028 жылғы республикалық бюджетті қалыптастыруға 12,4 млрд теңгенің өтінімі ұсынылды. 2026-2027 жылы бірқатар жұмыс жоспарлануда. Ұлттық жоба аясында 3,6 млрд теңгенің жобасын іске асыру жоспарланып отыр, – деп атап өтті басқарма басшысы.

Айта кету керек, ұлттық жоба аясында 2029 жылға дейін 11 жоба, яғни 11,7 млрд теңгеге 15,6 шақырым жылу желісі жаңғыртылады. Бұл тозған желілерді 42 пайыздан 38 пайызға дейін төмендетеді.

Жаңартылған энергия көзі

Әлем елдері дамудың тын сатысына қадам басты. Ғаламат қарқынмен алға басқан өндіріс энергетикалық қуаттарды көптеп қажетсініп жатыр. Осы орайда жаңартылған энергия көздеріне деген сұраныс та артып келеді.

Облыста энергетикалық жүйеге өндірілген электр энергиясын тұрақты беретін, жанытқы қуаты 88 мегаваттық 3 күн-электр станциясы жұмыс істейді. Сонымен қатар, 33 млрд теңге тұратын 120 мегаваттық 3 күн-электр станциясының жобасы жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, Арал ауданында «Альхена» ЖШС 30 МВт қуаттылығы бар күн-электр станциясының құрылысын жүргізуді жоспарласа, Шиели ауданында «Тесис» ЖШС 40 МВт және «Vigor Holding» ЖШС 50 МВт қуаттылығы бар күн-электр станциясын салуды қолға алған.

Мамандардың айтуынша, былтыр тұрғындарға көрсетілетін коммуналдық қызмет сапасын арттыру, инженерлік инфрақұрылымды дамыту және энергетикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету бағытында нәтижелі жыл болды. Алдағы уақытта да тұрғындардың өмір сапасын жақсартуға бағытталған жобалар жалғаса бермек.

Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабы 10-тармағының талаптарына сәйкес «Қызылорда электр тарту тораптары компаниясы» АҚ (бұдан әрі – ҚЭТТҚ АҚ) тұтынушылар мен өзге мүдделі тұлғалар алдында 2025 жылдың қорытындылары бойынша бекітілген тарифтік сметаның және бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа мен сенімділік көрсеткіштерінің сақталуы және «ҚЭТТҚ» АҚ қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы есеп беру бойынша жария тыңдау өткізілетіндігін хабарлайды.

1. Табиғи монополия субъектісінің атауы және орналасқан жері: «Қызылорда электр тарту тораптары компаниясы» АҚ, Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі, №25 ғимарат;

2. Есеп берудің өткізілетін күні мен орны: 19.03.2026 жыл, сағат 11.00, мекен-жайы Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі, 25 ғимарат (конференц залы, 2-қабат);

3. Ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің түрі: электр энергиясын беру қызметі.